

1-бап

1. Жарамды дипломатиялық паспорттары бар бір Тарап мемлекетінің азаматтары екінші Тарап мемлекетінің аумағына визасыз келе алады, одан кете алады, транзитпен өте алады және онда алғашқы келген күнінен бастап 6 ай ішінде 90 күнге дейін бола алады.

2. Екінші Тарап мемлекетінің аумағында орналасқан дипломатиялық өкілдіктерге немесе консулдық мекемелерге, сондай-ақ халықаралық ұйымдарға немесе сауда өкілдіктеріне жұмысқа тағайындалған қолданыстағы дипломаттық паспорттары бар бір Тарап мемлекетінің азаматтары және олардың отбасы мүшелері белгіленген мемлекеттің аумағына визалары болған жағдайда келеді.

3. Осы баптың 2-тармағында айтылған азаматтар аккредиттеу туралы құжаттарды алғаннан кейін екінші Тарап мемлекетінің аумағына визасыз келеді, кетеді, транзитпен өтеді және бүкіл аккредиттеу мерзімі ішінде онда болады.

2-бап

Осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген адамдар халықаралық қатынастар үшін ашық шекаралық өткізу бекеттері арқылы екінші Тарап мемлекетінің аумағына келеді және осы аумақтан кетеді.

3-бап

Тараптардың әрқайсысы мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіпті қорғау немесе қажет болған кезде халықтың денсаулығын қорғау ниеті бойынша екінші Тарап мемлекеті азаматтарының келуіне рұқсат беруден бас тарта алады немесе өз мемлекетінің аумағында болу мерзімін қысқарта алады.

4-бап

Осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген адамдар екінші Тарап мемлекетінің аумағында болуы кезінде 1961 жылғы 18 сәуірдегі Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясында және 1963 жылғы 24 сәуірдегі Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясында көзделген артықшылықтарға және иммунитеттерге нұқсан келтірместен, келген мемлекеттің заңнамасын сақтауға міндетті.

5-бап

Тараптардың бірінің мемлекеті аумағында дипломатиялық паспортты жоғалтқан немесе бүлдірген жағдайда оның иесі азаматы болып табылатын мемлекеттің дипломатиялық өкілдігі немесе консулдық мекемесі оған жаңа жол жүру құжатын

береді, сондай-ақ бұл туралы келген мемлекеттің Сыртқы істер министрлігін хабардар етеді.

6-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар туындаған жағдайда Тараптар оларды консультациялар мен келіссөздер жолымен шешетін болады .

7-бап

1. Осы Келісім күшіне енгенге дейін Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары дипломатиялық арналар арқылы қолданыстағы дипломатиялық паспорттардың ү л г і л е р і м е н а л м а с а д ы .

2. Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары дипломатиялық паспорттарға қатысты өзгерістер туралы көрсетілген өзгерістерді енгізуге дейін 30 күннен кешіктірмей бір-біріне хабарлайды, сондай-ақ бір мезгілде жаңа паспорттардың үлгілерімен алмасады.

8-бап

Осы Келісімнің ережелері Тараптардың Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы қатысушысы болып табылатын басқа да халықаралық шарттар бойынша міндеттемелерін қозғамайды.

9-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің жекелеген ережелері өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін. Мұндай өзгерістер және толықтырулар нота алмасу жолымен енгізіледі.

10-бап

1. Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнің қолданылуын немесе осы Келісімнің жекелеген ережелерінің қолданылуын уақытша тоқтата алады.

2. Осы Келісімнің немесе оның жекелеген ережелерінің қолданылуын уақытша тоқтата тұру немесе қайта бастау туралы шешімнің қабылданғаны туралы хабар беру оларды енгізуге дейін кемінде 10 күн бұрын кешіктірмей дипломатиялық арналар а р қ ы л ы ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

3. Бұл ретте Келісімнің қолданылуының тоқтатыла тұруы осы Келісімнің I-бабында көрсетілген екінші Тараптың аумағында жүрген азаматтардың құқықтық жағдайына ықпал етпейді.

11-бап

1. Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап 30 күннен кейін күшіне енеді.

2. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және бір Тарап оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы екінші Тараптың жазбаша хабарламасын дипломатиялық арналар арқылы алған күнінен бастап 60 күн өткенге дейін күшінде қалады.

2009 жылғы "___" _____ қаласында әрқайсысы қазақ, литва және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҮКІМЕТІ ҮШІН*

ЛИТВА РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

ҮКІМЕТІ ҮШІН